

Диссертациялық кеңестің 2025 жылғы жұмысы туралы ЕСЕП

ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті жанындағы 6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы және 8D10101 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес

Диссертациялық кеңестің төрағасы м.ғ.д., профессор Құрақбаев Қ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2025 жылғы 22 қаңтардағы бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы және «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат етілген.

1. ӨТКІЗІЛГЕН ОТЫРЫСТАР САНЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР. Есепті кезеңде 9 отырыс өткізілді.

2. ОТЫРЫСТАРДЫҢ ЖАРТЫСЫНАН АЗЫНА ҚАТЫСҚАН ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ (БАР БОЛСА). Диссертациялық Кеңестің барлық мүшелері кем дегенде 3 отырысқа қатысты. Осылайша, есепті кезеңде Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан азына қатысқандар жоқ.

3. ОҚУ ОРНЫ КӨРСЕТІЛГЕН ДОКТОРАНТТАР ТІЗІМІ.

№ №	Докторанттың Т. А. Ә.	Диссертацияның атауы	Ғылыми кеңесшілер	Оқу орны	Жоспар. қорғау күні	Нәтижесі
1	Абдрахманова Шынар Зиноновна	Влияние неполноценного питания на антропометрическ ие показатели детей младшего школьного возраста	Алтын Муафиковна Арингазина – медицина ғылымдарының докторы, Sharmanov School of Health Sciences, Алматы Менеджмент Университет профессоры. Dr. João Breda, PhD, MPH, MBA, WHO Athens Quality of Care and Patient Safety Office (ДДҰ медициналық көмектің сапасы және пациенттердің	«ҚДСЖМ» ҚМУ	2025 жылғы 27 наурыз	2025 жылғы 30 маусымдағы №1079 бұйрық.

			қауіпсіздігі жөніндегі кеңсесі, Афина, Греция)			
2	Байгуисова Динара Зулхарнаевна	Совершенствова ние организации службы лучевой диагностики г.Алматы	Галина Калиевна Каусова – медицина ғылымдарының докторы, профессор; Andrea Laghi – медицина ғылымдарының докторы, радиология профессоры, Римдегі Сапиенца университетінің медициналық- хирургиялық ғылымдар және трансляциялық медицина бөлімшесінің радиология бөлімінде резидентура бағдарламасының директоры, Италия Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Жоғары денсаулық сақтау кеңесінің мүшесі	«ҚДСЖМ» ҚМУ	2025 жылғы 15 мамыр	Сараптамалы қ кеңестің 2025 жылғы 26 маусымдағы №4а хаттамалық шешіміне сәйкес қайта қорғауға жіберілді
3	Мойынбаева Шарапат Марқашқызы	Влияние пандемии COVID-19 на здоровье женщин в Казахстане		«ҚДСЖМ» ҚМУ	2025 жылғы 10 маусым	2025 жылғы 23 қазандағы №1942 бұйрық
4	Садуақас Алмас Ергалиұлы	Совершенствова ние медицинской помощи больным с экстракраниальн ыми стенозами сонных артерий	Куралбай Куракбаев – медицина ғылымдарының докторы, профессор, «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университетінде «Денсаулық сақтаудағы экономика» курсының менгерушісі; Мадамин Мусаевич Каратаев – медицина ғылымдарының докторы, И.К.Ахунбаев	«ҚДСЖМ» ҚМУ	2025 жылғы 10 маусым	2025 жылғы 23 қазандағы №1936 бұйрық

			атындағы Қырғыз мемлекеттік медицина академиясының Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының профессоры.			
--	--	--	--	--	--	--

4. МЫНАДАЙ БӨЛІМДЕРІ БЕЛГІЛЕНІП КӨРСЕТІЛГЕН, ЕСЕПТІ ЖЫЛ АҒЫМЫНДА КЕҢЕСТЕ ҚАРАЛҒАН ДИССЕРТАЦИЯЛАРҒА ҚЫСҚАША ТАЛДАУ

1. Ізденуші **Шынар Зиноновна Абдрахманованың** диссертациялық жұмысы Бастауыш мектеп жасындағы балалардың антропометриялық көрсеткіштеріне жеткіліксіз тамақтанудың әсерін зерттеуге арналған.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы: Влияние неполноценного питания на антропометрические показатели детей младшего школьного возраста.

Ғылыми кеңесші: Алтын Муафиқовна Арингазина – медицина ғылымдарының докторы, Sharmanov School of Health Sciences, Алматы Менеджмент Университет профессоры.

Шетелдік ғылыми кеңесші: Dr. João Breda, PhD, MPH, MBA, WHO Athens Quality of Care and Patient Safety Office (ДДҰ медициналық көмектің сапасы және пациенттердің қауіпсіздігі жөніндегі кеңсесі, Афина, Греция).

Рецензенттер:

1. Дарья Павловна Цыганкова – медицина ғылымдарының докторы, «Жүрек-қан тамырлары ауруларының кешенді проблемалары ғылыми-зерттеу институты» Федералды мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекемесінің жүрек-қан тамырлары аурулары эпидемиологиясы зертханасының, ЖҚА жанындағы медициналық көмекті оңтайландыру бөлімінің, жетекші ғылыми қызметкері, Кемерово қ., Ресей Федерациясы.

2. Арайлым Кайратовна Беисбекова – PhD, қауымдастырылған профессор, «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ «Нутрициология» кафедрасының доценті.

1. *Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау.* Толыққанды емес тамақтану балалардың физикалық дамуы мен денсаулығының бұзылуының негізгі себептерінің бірі болып табылады және өсу мен дене салмағының қалыптасу үдерістеріне теріс әсер етеді. Әлемде жеткіліксіз тамақтану мен артық салмақ мәселелері қатар сақталуда, соңғы онжылдықтарда 5-19 жас аралығындағы балалар арасында семіздіктің таралу деңгейінің тұрақты өсуі байқалады. Қазақстан Республикасында балалардың тамақтану бұзылыстарының алдын алу қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, физиологиялық қажеттіліктерге

сәйкес келмейтін тамақтану рационы мен мектептегі тамақтанудың жеткіліксіз тиімділігіне байланысты мектеп жасындағы балалардың физикалық дамуының дисгармониясы жоғары деңгейде сақталуда, бұл бастауыш мектеп жасындағы балалардың тамақтануы мен антропометриялық көрсеткіштері арасындағы байланысты зерттеудің өзектілігін айқындайды.

2. *Диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.* Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 шешімімен бекітілген «Өмір және денсаулық туралы ғылым» атты ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.

3. *Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.* 1. Балалардың семіздігі мен жарытып тамақтанбауын мониторингілеу әзірленді және Қазақстан Республикасында балалар халқының денсаулығын бағалау жөніндегі мемлекеттік зерттеулер жүйесіне: 2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджеттен қаржыландырылатын зерттеулердің мақұлданған тізбесіне қосымша зерттеу тақырыптарының тізбесіне (комиссия отырысының 2023 жылғы 25 мамырдағы №2 хаттамасы) енгізілді. 2. Балалардағы семіздіктің таралуы және балалардың қантты сусындарды тұтынуы бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері «Құрамында қант бар сусындарға акцизді енгізуге қатысты реттеуші құралдардың реттеушілік әсерін талдау нәтижелері бойынша аналитикалық нысанға» енгізілді және акцизді енгізу үшін негізгі аргументтер болып табылады. 3. ҚР ДСМ 2025-2026 жылдарға арналған «Дұрыс тамақтануға жәрдемдесу» жол картасын әзірлеу және ҚР Оқу-ағарту министрлігі педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеу бойынша жұмыс топтарының құрамында докторанттың жұмысы шеңберінде ұсыныстар әзірленді. 4. Зерттеу нәтижелері Алматы қаласында COSI халықаралық зерттеуінің 6 раундының қорытындысына енгізілді және ДДҰ-ның COSI Highlights бюллетенінде жарияланды (2022-2024). 5. Балалардың семіздігін мониторингілеуді дамытудың қазақстандық тәжірибесі және біздің зерттеу нәтижелеріміз Өзбекстанда, Әзірбайжанда, Украинада мониторинг әдістемесін енгізу бойынша семинарларда қолданылды. 6. «Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғаудың өзекті мәселелері (дұрыс тамақтанбау, мінез-құлық қауіп факторлары және психологиялық ахуалмәселелері)» бойынша МСАК медицина қызметкерлеріне арналған біліктілікті арттыру курстары, ата-аналарға, мектеп қызметкерлеріне арналған дұрыс тамақтану бойынша ЮНИСЕФ-пен мастер-кластар, МСАК дәрігерлеріне арналған балалар семіздігіне қарсы күрес бойынша нұсқаушыларды даярлау бойынша ДДҰ курсы әзірленді және өткізілді. 7. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері «ҚР ДСМ Ұлттық Қоғамдық денсаулық сақтау орталығы» ШЖҚ РМК, «Алатау

«Балалар клиникалық санаторийі» ШЖҚ РМК, Алматы қ., «Қоғамдық денсаулық сақтаудың жоғары мектебі» Қазақстан медициналық университеті, «Алматы қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС жұмысына енгізілді. 8. Балалар арасында артық салмақтың алдын алу жөніндегі ұлттық стратегия әзірленді, ол бейінді мамандардың осы жағдайлардың кешенді алдын алу туралы хабардарлығын арттырады. 9. Халықаралық деңгейде докторант ДДҰ-ның "ДДҰ-ның Еуропалық өңірдегі семіздік мәселесі туралы есеп, 2022 жыл" басылымына рецензия жүргізді және ұсыныстар енгізді.

2. Ізденуші **Динара Зулхарнаевна Байгуисованың** диссертациялық жұмысы Алматы қаласындағы сәулелік диагностика қызметін ұйымдастыруды жетілдіруге арналған.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы: Совершенствование организации службы лучевой диагностики г.Алматы.

Ғылыми кеңесші: Галина Калиевна Каусова – медицина ғылымдарының докторы, профессор;

Шетелдік ғылыми кеңесші: Andrea Laghi – медицина ғылымдарының докторы, радиология профессоры, Римдегі Сапиенца университетінің медициналық-хирургиялық ғылымдар және трансляциялық медицина бөлімшесінің радиология бөлімінде резидентура бағдарламасының директоры, Италия Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Жоғары денсаулық сақтау кеңесінің мүшесі.

Рецензенттер:

1. Максут Каримович Кульжанов – медицина ғылымдарының докторы, профессор, «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ Денсаулық сақтау саясаты және менеджменті кафедрасының профессоры;

2. Мадина Рашидовна Мадиева – медицина ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, «Семей медицина университеті» КеАҚ Радиология кафедрасының меңгерушісі.

1. *Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау.* Сәулелік диагностика заманауи медицинаның аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және КТ мен МРТ сияқты жоғары технологиялық әдістерді қолдану арқылы ауруларды уақтылы әрі дәл диагностикалауды қамтамасыз етеді. Бұл әдістердің қолданылу аясын кеңейту диагностикалық үдерістің сапасын едәуір арттырғанымен, бір мезгілде шығындардың өсуіне және денсаулық сақтау ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану қажеттілігіне алып келді.

Қазақстан Республикасында медициналық көмектің фрагменттелген жүйесі мен сәулелік диагностика қызметінің қызметін реттейтін өзекті нормативтік-құқықтық базаның жеткіліксіздігі жағдайында оның тиімділігін объективті бағалау қиындық туғызады. Осыған байланысты Алматы қаласындағы медициналық ұйымдарда сәулелік диагностика қызметін

ұйымдастыруды бағалау және жоғары технологиялық диагностикалық әдістерге қажеттілікті негіздеудің әдістемелік тәсілдерін әзірлеу өзекті болып табылады.

2. *Диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.* Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді, атап айтқанда "Өмір және денсаулық туралы ғылым" бағытына сәйкес келеді.

3. *Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.* КТ және МРТ зерттеулерін жүргізуге көрсеткіштер бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымдар келесі медициналық ұйымдарда енгізілді: «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» АҚ (енгізу актісі №6- 2025, 11.02.2025 ж.); Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «№15 қалалық емхана» ШЖҚ МКК (енгізу актісі №472-6, 05.02.2025 ж.); Алматы қаласының №1 қалалық клиникалық ауруханасы (енгізу актісі №51/2-1, 03.09.2024 ж.)

3. Ізденуші **Шарапат Марқашқызы Мойынбаеваның** диссертациялық жұмысы Қазақстандағы әйелдер денсаулығына COVID-19 пандемиясының әсерін зерттеуге арналған.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы: Влияние пандемии COVID-19 на здоровье женщин в Казахстане.

Ғылыми кеңесшілер: Влияние пандемии COVID-19 на здоровье женщин в Казахстане.

1. Максут Адильханович Камалиев – м.ғ.д., профессор, «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университетінде «Денсаулық сақтаудағы менеджмент» кафедрасының меңгерушісі;

2. Ардақ Нурбақытқызы Нурбақыт – м.ғ.к., профессор, «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ Х. Досмұхамедов атындағы қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің деканы;

Шетелдік ғылыми кеңесші: Konrad T. Juskiewicz – PhD, KIT Royal Tropical Institute, Amsterdam, the Netherlands.

Рецензенттер:

1. Динара Досалыевна Мирзахметова – PhD (6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау), Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Акушерлік және гинекология кафедрасының доценті, «Private Clinic Almaty» репродуктологы.

2. Равиль Камильевич Валиев – медицина ғылымдарының кандидаты (14.00.01-Акушерлік және гинекология), PERSONA халықаралық репродуктология клиникалық орталығының бас репродуктологы.

1. *Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау.* Жұмыс Қазақстан Республикасындағы репродуктивті жастағы әйелдердің денсаулығына COVID-19 пандемиясының әсерін кешенді талдауға арналған және демографиялық көрсеткіштерге, аурушандыққа, өлім-жітімге, сондай-ақ созылмалы инфекциялық емес аурулар жүктемесіне басым назар аударады. Зерттеу пандемияның жүйелік салдарын, соның ішінде медициналық көмектің қолжетімділігінің бұзылуын, репродуктивтік мінез-құлықтың өзгеруін және дағдарыс жағдайында әйелдер денсаулығының осалдылығының артуын көрсетеді.

Жұмыстың негізгі ерекшелігі аурулар жүктемесін бағалаудың заманауи интегралдық көрсеткіштерін (DALY, YLL, YLD) қолдану және оларды ұлттық аналитикалық практикаға енгізу қажеттілігін негіздеу болып табылады. Зерттеу тақырыбы қолданбалы сипатқа ие және постпандемиялық кезеңде әйелдер денсаулығын нығайтуға бағытталған стратегиялық жоспарлау мен нысаналы шараларды әзірлеуді қолдауға бағытталған.

2. *Диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.* Диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын «COVID-19-дың әйелдердің репродуктивті денсаулығына әсері және әйелдер денсаулығын қорғау» тақырыбындағы жоба аясында орындалған, IPN AP14872263.

3. *Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.* Диссертациялық зерттеу нәтижелері келесі медициналық ұйымдардың практикалық қызметіне енгізілді: 13 Алматы қаласындағы № 24 және № 20 қалалық емханалар – репродуктивті жастағы әйелдер арасында созылмалы инфекциялық емес аурулардың алдын алу бойынша ұсыныстар енгізілді, әсіресе COVID-19-дан кейінгі оңалтуға басымдық берілді. Практикаға автор ұсынған цифрлық құралдар – пациенттерді маршрутизациялау және диспансерлік бақылау жүйелері, сондай-ақ аурулардың эпидемиологиялық жүктемесін бағалау тәсілдері енгізілді. Енгізу фактілері аталған мекемелер берген актілермен расталған, онда клиникалық және ұйымдастырушылық қызметке енгізілген нақты бөлімдер мен ұсыныстар көрсетілген

4. **Ізденуші Алмас Ергалиұлы Садуақастың** диссертациялық жұмысы экстракраниалдық ұйқы артерияларының стеноздары бар пациенттерге медициналық көмекті жетілдіруге арналған.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы: Совершенствование медицинской помощи больным с экстракраниальными стенозами сонных артерий.

Ғылыми консультант: Куралбай Куракбаев – медицина ғылымдарының докторы, профессор, «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университетінде «Денсаулық сақтаудағы экономика» курсының меңгерушісі;

Шетелдік ғылыми консультант: Мадамин Мусаевич Каратаев – медицина ғылымдарының докторы, И.К.Ахунбаев атындағы Қырғыз мемлекеттік медицина академиясының Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының профессоры.

Рецензенттер:

1. Ықылас Сүйіндікұлы Молдалиев – медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер кафедрасының профессоры.

2. Сабит Бексеитович Пазиров – медицина ғылымдарының кандидаты, «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ № 2 хирургиялық аурулар кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

1. *Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау.* Қарастырылған жұмыс ишемиялық инсульттің әлемде және Қазақстан Республикасында өлім-жітімнің, мүгедектік пен дені сау өмір жылдарының жоғалуының жетекші себептерінің бірі ретіндегі өзекті мәселесіне арналған. Зерттеу тақырыбы жұқпалы аурулардан жұқпалы емес ауруларға көшу жағдайында инсульт жүктемесінің өсуін, сондай-ақ өлім-жітім мен DALY көрсеткіштеріндегі айқын әлеуметтік-экономикалық және аумақтық айырмашылықтарды көрсете отырып, жаһандық және ұлттық эпидемиологиялық үрдістерді қамтиды.

Жұмыста ишемиялық инсульттің алдын алуға болатын және ерте диагностикаланатын себептерінің бірі ретінде экстракраниалдық ұйқы артерияларының стенозына ерекше назар аударылған. Зерттеу тақырыбы профилактикаға, қауіп факторларын ерте анықтауға және медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған, бұл жұмыстың қолданбалы маңыздылығын арттырып, қоғамдық денсаулық сақтаудың заманауи басымдықтарына сәйкес келеді.

2. *Диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.* Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді, атап айтқанда "Өмір және денсаулық туралы ғылым" бағытына сәйкес келеді.

3. *Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.* Диссертациялық зерттеу аясында әзірленген практикалық ұсынымдар келесі медициналық ұйымдардың қызметіне енгізілді: «Ордабасы орталық аудандық ауруханасы», Түркістан облысы; «Зайсан

орталық аудандық ауруханасы», ШҚО; «Сайрам орталық аудандық ауруханасы», Түркістан облысы; «Арыс орталық аудандық ауруханасы», Түркістан облысы; Алматы қаласының №6 қалалық емханасы; Алматы қаласының №36 қалалық емханасы.

5. РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫНА ТАЛДАУ (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып)

Диссертациялық жұмыстарға ресми рецензенттердің барлық пікірлері Диссертациялық кеңес туралы Үлгілік ереженің 5-қосымшасына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы № 126 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 29 сәуірде № 6929 тіркелді) және "ҚДСЖМ" Қазақстандық медицина университеті" ЖШС Диссертациялық кеңесі туралы ережесіне (2022 ж.) сәйкес пікірлерге қойылатын талаптарға сәйкес жазылды және мерзімінде ұсынылды

Ресми рецензенттердің 13 критерийден тұратын пікірлерінде төмендегідей шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) дәрежесін беру немесе Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу;

3) философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.
Диссертациялық кеңестің жұмысы кезінде сапасыз пікірлер болған жоқ.

6. ҒЫЛЫМИ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР

«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті» ЖШС жанындағы Қоғамдық денсаулық сақтау білім беру бағдарламасы және мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес уақытша мүшелерге және ресми рецензенттерге қойылатын қолданыстағы талаптардың шамадан тыс жоғары екенін атап өтеді, бұл Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті талаптарына толық сәйкес келетін ғалымдардың тапшылығына әкеледі.

7. ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PHD), БЕЙІНІ БОЙЫНША ДОКТОР ДӘРЕЖЕСІНЕ ІЗДЕНУШІЛЕРДІҢ МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША ҚАРАЛҒАН ДИССЕРТАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

	Мамандығы
қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	5
қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-

рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	-
қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	1

**Диссертациялық кеңестің
төрағасы**

**Диссертациялық кеңестің
ғылыми хатшысы**



Қ. Құрақбаев

Ф. Касымбекова